

ҚР ҒжБМ Жоғары білім беруді
дамыту ұлттық орталығы директорының
4.05.2023 ж № 601 н/қ
бұйрығына қосымша 1

Қазақстан Республикасының Ғылым және білім министрілігі
Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы

**ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМНІҢ
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ
НҰСҚАУЛЫҚ**

Астана, 2023

1. Жалпы ереже

1. Осы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – нұсқаулық) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына, (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленді, білім беру бағдарламаларды әзірлеу тәртібін айқындайды.

2. Осы нұсқаулықтың нормативтік-құқықтық базасы:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы) (бұдан әрі – МЖБС);

- Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы);

- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы);

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы);

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы);

- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздері (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығы);

- Сынақ бірліктерін көшіру мен жинақтаудың Еуропалық жүйесін пайдалану бойынша нұсқаулық (ECTS);

- Еуропалық жоғары білім кеңістігінде (ESG) жоғары білім сапасын қамтамасыз ету үшін стандарттар мен нұсқаулықтар.

3. Осы Нұсқаулықта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – БББ) – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені;

2) білім беру бағдарламаларының тізілімі (бұдан әрі – БББ Тізілімі) – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының әзірлеген білім беру бағдарламаларының тізбесін қамтитын білім беру саласындағы уәкілетті органның «Жоғары білім беруді басқарудың бірыңғай жүйесі» ақпараттық жүйесі;

3) құзыреттілік – оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті;

4) оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар;

4. ЖЖОКБҰ МЖБС және кәсіптік стандарттар (бар болса) талаптарына сәйкес жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді.

5. ЖЖОКБҰ-да білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту үшін тиісті рәсімдер болуы керек. Бағдарламалар белгіленген мақсаттарға сәйкес келетіндей етіп жасалуы қажет. Бағдарламаны игеру нәтижесінде алынған біліктілік нақты анықталып, нақтылануы керек және жоғары білім берудегі ұлттық біліктілік құрылымының белгілі бір деңгейіне, демек, Еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі біліктілік Құрылымына да сәйкес келуі қажет.

6. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі – ЖЖОКБ БББ) әзірлеу 4 (төрт) кезеңнен тұрады:

- БББ әзірлеуге дайындық;
- БББ жобалау;
- БББ құрылымдық элементтерін нақтылау;
- БББ жобасының сапасын бағалау.

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламасын әзірлеуге дайындық

7. Дайындық бағыттарының тізбесін айқындау үшін ЖЖОКБҰ:

1) нарықтың ағымдағы және болашақ қажеттіліктерін анықтайды:

а) қазір және болашақта қандай мамандар (оның ішінде жаңа мамандықтар мен құзыреттердің Атласына сәйкес) қажет;

б) түлектердің жұмысқа орналасу болашағы қандай (тапшылық, профицит, жаңа мамандардың/дағдылардың/құзыреттердің пайда болуы және т.б.).

2) кадрларды даярлаудың әлеуетті нарығына талдау және бағалау жүргізеді:

а) өңірде/ жақын өңірлерде, шетелдік ЖЖОКБҰ-да кадрлар дайындау нарығында бәсекелестіктің болуы;

б) бәсекелестік органы талдау.

3) БББ іске асыру үшін ЖЖОКБҰ мүмкіндіктеріне талдау жүргізеді:

а) қажетті кадрлық ресурстардың болуы;

б) қажетті материалдық-техникалық, ақпараттық және қаржылық ресурстардың болуы.

Алынған нәтижелер негізінде ЖЖОКБҰ дайындық бағыттарының тізбесін айқындайды.

8. ЖЖОКБҰ-да білім беру бағдарламаларын әзірлеумен ЖЖОКБҰ басшысының бұйрығымен құрылатын академиялық комитеттер айналысады, олардың құрамына академиялық персоналдың, жұмыс берушілердің, білім

алушылардың өкілдері кіреді.

3. Білім беру бағдарламасын жобалау

9. Білім беру бағдарламасын жобалау кезеңінде:

- түлектің кәсіби қызмет саласын зерттеу;
- БББ сәйкес келетін қызмет саласына тән құзыреттерді және оларды игеру деңгейін айқындау;
- бағдарламаны оқыту нәтижелерін қалыптастыру;
- БББ құрылымын және пәндер тізбесін анықтау;
- құзыреттердің, оқыту нәтижелерінің және бағалау критерийлерінің өзара байланысын айқындау;
- оқыту мен оқытудың әдістерін, технологияларын, білім алушылардың оқу нәтижелеріне қол жеткізуін бағалау құралдарын айқындау;
- ресурстарға қажеттілікті анықтау қажет.

10. БББ жобалау шеңберінде кәсіби қызмет саласына зерттеу жүргізіледі, оның барысында құзыреттердің бастапқы тізбесін қалыптастыру үшін құжаттар (кәсіптік стандарттарды қолдану тәжірибесі; МЖБС; лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптары, жетекші шетелдік ЖЖОКБҰ БББ және т.б.) талданады.

11. Осы кәсіптік саладағы әрбір даярлау бағыты үшін құзыреттердің алдын ала тізбесі мынадай түрде қалыптастырылады:

1) жалпы құзыреттер анықталады (мінез-құлық дағдылары мен жеке қасиеттері);

2) кәсіби құзыреттер анықталады (осы бағытқа тән теориялық білім және практикалық дағдылар мен икемділіктер).

12. Зерттеу барысында қажет болған кезде еңбек нарығын, кәсіптік стандарттарды талдау негізінде жасалған құзыреттердің алдын ала тізбесін нақтылау және басымдық беру мақсатында жұмыс берушілерге сауалнама жүргізіледі. Бұл үшін:

• бастапқы құзыреттерді пайдалана отырып, жұмыс берушінің сауалнамасы әзірленеді;

• сауалнама жүргізу әдістері іріктеледі:

- сандық (стандартталған сауалнамаларды қолдану);

- сапалы (сұхбат және фокус-топтар);

• сауалнамаға қатысушыларды – БББ түлектері жұмыс істейтін зерттелетін кәсіби саланың өкілдерін іріктеу жүргізіледі.

13. Сауалнама жүргізу үшін сауалнамаға қатысушыларға құзыреттердің алдын ала тізбесі ұсынылады, сауалнамаға қатысушылар жұмыс орнындағы қандай да бір құзыреттің маңыздылық дәрежесін және ЖЖОКБҰ аяқтағаннан кейін маманның оны иелену деңгейін айқындайды.

14. Кәсіби қызмет саласын талдау нәтижелерін осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес көрсетуге болады.

15. БББ жобалау кезеңінде оқыту деңгейімен, кәсіптік стандарттардың талаптарымен және (немесе) жұмыс берушілердің талаптарымен/

болжалдарымен, сондай-ақ ЖЖОКБҰ даму стратегиясымен тоғыстырылған құзыреттерге байланысты бағдарламаның оқыту нәтижелері қалыптастырылады.

16.ОН бағдарламаға бөлінетін академиялық кредиттерде тиісті пәндердің еңбек сыйымдылығы көлемін айқындау үшін негіз болады. БББ жалпы еңбек сыйымдылығы МЖБС көрсетілген тиісті деңгейден кем болмауы тиіс. БББ-да пәндер мен оқыту нәтижелері арасындағы байланыс анықталуы керек.

17.Білім беру бағдарламаларында оқыту нәтижелері көрсетіледі, оларды сипаттау кезінде Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттердің жинақталуы (ECTS) жүйесіне сәйкес ЖЖОКБҰ мынадай шарттарды ұстанады:

1) оқыту нәтижелері бағдарламаның мән-мәтінін, деңгейін, көлемін және мазмұнын көрсетеді;

2) оқыту нәтижелері өзара байланысты болып табылады;

3) оқыту нәтижелері түсінікті болып табылады;

4) оқыту нәтижелері бағдарламаның оқу жүктемесі шеңберінде қолжетімді болып табылады;

5) оқыту нәтижелері тиісті оқу қызметіне, бағалау әдістері мен өлшемдеріне байланысты болып табылады.

18.Оқыту нәтижелерін жобалау кезінде БББ түлектерді келесі құзыреттіліктермен қамтамасыз етуі керек екенін ескеру қажет:

- мінез-құлық дағдылары мен жеке қасиеттер (softskills);

- кәсіби дағдылар (hardskills);

- цифрлық дағдылар (digital skills).

19.Оқыту нәтижелері студенттердің кәсіби қызмет пен жеке даму аясында не істейтінін, кәсіби функцияларды құзіреттіліктерді қолдану арқылы, алған білімі мен дағдыларын қолдана отырып, жүзеге асыратындығын білдіретін белсенді етістіктен басталады. Блум таксономиясынан белсенді етістіктер әдетте тұжырымдау үшін қолданылады. Қолданылуы мүмкін етістіктердің үлгі тізбесі осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасында келтірілген.

20.Оқыту нәтижелері:

- еңбек функцияларына бағдарланған;

- еңбек нарығының перспективалық қажеттіліктеріне бағдарланған болуы керек.

21.Оқыту нәтижелері өлшенерлік болуы керек.

22.Бағдарламаны жобалау оқу пәндері үшін пре және пост реквезиттерді көрсету арқылы бағдарламаның құрылымын және оқыту нәтижелерін қалыптастыруға бағытталған пәндерді оқу тәртібін айқындауды көздейді.

23.Бұдан әрі құзыреттілікке қол жеткізуді бағалау әдістері мен құралдары жобаланады.

24.Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістері мен құралдарын жобалау кезінде:

- нақты өлшемшарттарға негізделген өлшенетін бағалау әдістері қолданылуы қажет;

- бағалау әдістері бағаланатын оқыту нәтижелерімен келісілуі тиіс;

- алынған бағалар білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін

көрсетуі тиіс.

25.БББ іске асыру үшін ресурстарға қажеттілік білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарымен айқындалады.

4. Білім беру бағдарламасының құрылымдық элементтерін нақтылау

26.Бұл кезеңде БББ атауы мен мақсаты тұжырымдалады, БББ мазмұны жобаланады және оқыту стратегиясы анықталады.

27.Бағдарламаның атауы бағдарламаның мазмұнын көрсетуі керек, қысқа, нақты, тартымды және ақпараттық болуы, сонымен қатар сыныптауышқа сәйкес даярлау бағытына сәйкес келуі тиіс.

28.БББ мақсаты қысқаша, нақты болып тұжырымдалуы және білім алушылар алуы тиіс оқыту нәтижелерін синергетикалық түрде біріктіруі керек. БББ мақсаты өзектілік, нақтылық, қол жетімділік критерийлеріне сәйкес келуі қажет.

29.Бұдан әрі БББ мазмұны бағдарламаның модульдерін/ оқу пәндерін айқындау арқылы жобаланады. БББ кәсіби функциялар мән-мәтінінде әзірленеді және мазмұны БББ ұсынған шеңберінде мақсаты мен оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін оқу пәндерінің тізбесінен тұрады.

30.Пәннің қысқаша сипаттамасында пәннің мазмұнын БББ бойынша оқыту нәтижелеріне қол жеткізу индикаторы ретінде ашу қажет. Пәннің сипаттамасында қандай да бір анықтамалар, дәрістерден, оқулықтардан үзінділер және т.б. болмауы тиіс. Пәндердің қайталануына немесе мазмұны сәйкес келетін әртүрлі пәндердің болуына жол берілмейді.

31.Кәсіби стандарт негізінде әзірленген БББ-да негізгі еңбек функциялары құзыреттілікке және оқыту нәтижелеріне негізделеді.

32.Құзыреттері мен оқыту нәтижелері мән-мәтініндегі модульдер мен пәндердің тізбесін айқындағаннан кейін кредиттердегі модульдер мен пәндердің еңбек сыйымдылығы айқындалады. Осы негізде пре- және постреквизиттерді ескере отырып, білім беру бағдарламасының оқу жоспарының жобасы қалыптастырылады. Бұл ретте даярлау бағыты мен деңгейіне (оның ішінде циклдар мен компоненттер) байланысты кредиттер саны бөлігінде МЖБС талаптарын сақтау қажет.

33.БББ құрылымдық элементтерін әзірлеу кезінде модульдің/пәннің оқыту нәтижелерін тұжырымдауға назар аудару қажет.

34.Оқыту нәтижелері барлық білім беру бағдарламасы деңгейінде де және жеке модульдер немесе оқу пәні деңгейінде де тұжырымдалады.

35.Модульдің/пәннің оқыту нәтижелері – бұл білім алушы модульді/пәнді сәтті аяқтағаннан кейін жасай алуы тиіс нәрселер.

36.Бағдарламаның/ модульдердің/ пәндердің оқыту нәтижелерін тұжырымдап, олардың еңбек сыйымдылығын айқындағаннан кейін оқыту стратегиялары айқындалады.

37.ЖЖОКБҰ оқыту стратегиясы оқытудың инновациялық әдістері мен ақпараттық технологияларды пайдалануға бағдарлануы тиіс.

38.Студентке бағдарланған оқыту кезінде білім алушы оқыту/білім беру

ортасында болуы және оқыту процесі мен шешім қабылдаудың белсенді қатысушысы болуы қажет.

39. Оқу пәнін әзірлеу кезінде тиісті оқыту нәтижелеріне қол жеткізу және оларды әділ бағалау үшін оқыту нәтижелерін меңгеруді бағалау және оқытудың қандай әдістері ең қолайлы екенін анықтау қажет.

40. Пәндер мен қалыптастырылатын оқыту нәтижелердің өзара байланысын 3-қосымшада көрсету ұсынылады.

41. Бағалау әдістері бағдарламада мәлімделген оқыту нәтижелерінің өлшенерлігін қамтамасыз етуі тиіс.

42. Пәндерді оқытудың салыстырмалы тәртібі пре және пост реквизиттер жүйесі арқылы анықталады.

5. ЖЖОКБ БББ жобасының сапасын бағалау

43. БББ әзірлеу сапасы келесі параметрлер арқылы бағаланады:

- осы БББ еңбек нарығында талап етілуі (ұлттық, өңірлік немесе жергілікті деңгейлерде);

- БББ іске асыру бойынша ЖЖОКБҰ әлеуетін көрсетуі;

- кәсіби стандарттарға сәйкес келетін БББ-да нақты сипатталған оқыту нәтижелерінің болуы;

- оқыту нәтижелеріне толық қол жеткізу үшін қажетті академиялық кредиттер көлемінің айқындалуы;

- білім алушылардың БББ-да көзделген оқыту нәтижелерін меңгеруін бағалау әдістерінің баламалығы;

- оқу процесі барысында білім алушылардың қызмет түрлерінің әзірленген оқыту нәтижелеріне сәйкестігі;

- стейкхолдерлермен сындарлы өзара іс-қимылды қамтамасыз етілуі;

- оқыту нәтижелерін меңгеруін бағалау, оқыту және оқыту үдерісінің ашықтығы;

- бағдарлама басшылығының мониторинг нәтижелеріне негізделген БББ тұрақты жетілдіруді қамтамасыз етуі.

Ескертпе: ЖЖОКБҰ өз көзқарасы және БББ әзірлеу сапасын бағалау әдістемесі болуы мүмкін.

6. Қорытынды ережелер

44. ЖЖОКБҰ жұмыс берушілермен келісілгеннен және алқалы орган БББ бекіткеннен кейін БББ тізіліміне онлайн өтінім береді.

45. ЖЖОКБҰ БББ мазмұнына, оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ БББ-мен плагиат болмауына жауапты болады.

Кәсіби қызмет саласын талдау нәтижелері

Мамандық: _____	Міндетті функциялар:	еңбектік	1. 2. 3.
А еңбек функциясы:	Кәсіби міндет А:		Дағдылары: 1. 2. 3. 4. 5. Білімі: 1. 2. 3. 4. 5.
В еңбек функциясы:	Кәсіби міндет В:		Дағдылары: 1. 2. 3. 4. 5. Білімі: 1. 2. 3. 4. 5.
Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар:	- - -		

Оқыту нәтижелерін тұжырымдау кезінде қолдануға болатын етістіктердің үлгілік тізімі

Білімді ашу үшін қолданылатын етістіктер:

Анықтау, сипаттау, санау, табу, байланыстыру, бекіту, жазу, өлшеу, салыстыру, қайта қарау, шығару, анықтау, көрсету, атау.

Түсінуді ашу үшін қолданылатын етістіктер:

Қорытындылау, сипаттау, салыстыру, жіктеу, қарсыластыру, түрлендіру, талқылау, ажырату, анықтау, бағалау, түсіндіру, тұжырымдау, мысалдар келтіру, түсіндіру, аудару, білдіру, иллюстрациялау, талқылау, болжау, ұсыну, таңдау.

Пайдалану қабілетін ашу үшін қолданылатын етістіктер:

Қолдану, бағалау, өзгерту, таңдау, көрсету, ашу, есептеу, қалай суреттеу, болжау, дайындау, өндіру, байланыстыру, көрсету, шешу, зерттеу, тексеру, есептеу, құру, өзгерту, жіктеу, эксперимент жасау, шешім қабылдау керектігін түсіндіру.

Талдау қабілетін ашу үшін қолданылатын етістіктер:

Талдау, бөлу, жіктеу, реттеу, салыстыру, қорытындылау, қарсыластыру, сынау, диагностикалау, түсіндіру, біріктіру, саралау, ажырату, зерттеу, негіздеу, қорытынды жасау.

Синтездеу қабілетін ашу үшін қолданылатын етістіктер:

Есептеу, бекіту, біріктіру, құрастыру, қорытындылау, құру, алу, әзірлеу, тұжырымдау, жалпылау, орнату, түрлендіру, біріктіру, ретін өзгерту, ұйымдастыру, жоспарлау, ұсыну, ойлап табу, қайта құру, есеп беру, қайта қарау, таңдау, жалпылау, синтездеу, оқыту, айту.

Бағалау дағдыларын ашу үшін қолданылатын етістіктер:

Бағалау, құндылықты анықтау, шешім қабылдау, анықтау, саралау, ұсыну, таңдау, ажырату, таңдау, салыстыру, қорытындылау, сынау, қорғау, бағалау, растау, рейтинг жасау, жалпылау.

Мәселелерді шешу дағдыларын ашу үшін қолданылатын етістіктер:

Шешім қабылдау, таңдау, анықтау, ұсыну, жоспарлау, растау, бағалау, тұжырымдау, іс-қимыл тәртібін сипаттау, әзірлеу, нұсқаларды ұсыну.

Қарым-қатынас дағдыларын ашу үшін қолданылатын етістіктер:

Қарым-қатынас жасау, білдіру, түсіндіру, жауап беру, пікірталас, қорғау, шолу жасау, емтихан тапсыру, айту, үйрету, ұсыну, қорытынды жасау.

Білім беру бағдарламасы мен оқу пәндері бойынша қалыптасқан оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің өзара байланысы

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)								
				ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7
Жалпы білім беретін пәндер циклі												
міндетті компонент / жоғары оқу орны компоненті / таңдау компоненті												
						v			v			
								v				
Негізгі пәндер циклі / Бейіндеуші пәндер циклі												
жоғары оқу орны компоненті / таңдау компоненті												
							v					
						v						
										v		
								v			v	
					v							

Приложение 1 к приказу
Директора Национального центра
развития высшего образования МНВО РК
от 4.05.2023 года № 601 н/к

Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан
Национальный центр развития высшего образования

**РУКОВОДСТВО
ПО РАЗРАБОТКЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ
ПРОГРАММ ВЫСШЕГО И ПОСЛЕВУЗОВСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

Астана, 2023

1. Общие положения

1. Настоящее Руководство по разработке образовательных программ высшего и послевузовского образования (далее – Руководство) разработано с целью оказания методической помощи организациям высшего и (или) послевузовского образования (далее – ОВПО), определяет порядок разработки образовательных программ.

2. Нормативно-правовой базой настоящего Руководства являются:

– Закон Республики Казахстан «Об образовании»;

– Государственные общеобязательные стандарты высшего и послевузовского образования (приказ Министра науки и высшего образования Республики Казахстан от 20 июля 2022 года № 2) (далее – ГОСО);

– Государственные общеобязательные стандарты по уровням образования в области здравоохранения (приказ Министра здравоохранения Республики Казахстан от 4 июля 2022 года № ҚР ДСМ-63);

– Правила организации учебного процесса по кредитной технологии обучения в организациях высшего и (или) послевузовского образования (приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 20 апреля 2011 года № 152);

– Типовые правила деятельности организаций высшего и (или) послевузовского образования (приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 30 октября 2018 года № 595);

– Квалификационные требования, предъявляемые к образовательной деятельности организаций, предоставляющих высшее и (или) послевузовское образование, и перечня документов, подтверждающих соответствие им (приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 июня 2015 года № 391);

– Правила ведения реестра образовательных программ, реализуемых организациями высшего и (или) послевузовского образования, а также основания включения в реестр образовательных программ и исключения из него (приказ Министра науки и высшего образования Республики Казахстан от 12 октября 2022 года № 106).

– Руководство по использованию Европейской системы переноса и накопления зачетных единиц (ECTS);

– Стандарты и руководства для обеспечения качества высшего образования в европейском пространстве высшего образования (ESG).

3. В настоящем Руководстве используются следующие основные понятия:

1) образовательная программа (далее – ОП) – единый комплекс основных характеристик образования, включающий цели, результаты и содержание обучения, организацию образовательного процесса, способы и методы их реализации, критерии оценки результатов обучения;

2) реестр образовательных программ (далее – Реестр ОП) - информационная система «Единая система управления высшим образованием» уполномоченного органа в области образования, включающая в себя перечень образовательных программ, разработанных организациями высшего и (или) послевузовского образования;

3) компетенции – способность практического использования приобретенных в процессе обучения знаний, умений и навыков в профессиональной деятельности;

4) результаты обучения – подтвержденный оценкой объем знаний, умений, навыков, приобретенных, демонстрируемых обучающимися по освоению образовательной программы, сформированные ценности и отношения;

4. ОВПО самостоятельно разрабатывают образовательные программы высшего и послевузовского образования в соответствии с требованиями ГОСО и профессиональными стандартами (при наличии) (далее – профстандарты).

5. ОВПО должны иметь соответствующие процедуры для разработки и утверждения образовательных программ. Программы должны быть разработаны так, чтобы они соответствовали установленным целям. Квалификация, получаемая в результате освоения программы, должна быть четко определена и разъяснена и должна соответствовать определенному уровню национальной структуры квалификации в высшем образовании и, следовательно, Структуре квалификаций в Европейском пространстве высшего образования.

6. Разработка образовательных программ высшего и послевузовского образования состоит из 4 (четырёх) этапов:

- подготовка к разработке ОП (определение текущих и будущих потребностей рынка; анализ рынка подготовки кадров; анализ возможностей вуза для реализации ОП; создание Академического комитета для разработки ОП);
- проектирование ОП (исследование сферы профессиональной деятельности; выявление профессионально значимых компетенций; Формулировка результатов обучения программы; определение взаимосвязи результатов обучения и критериев оценки; проектирование методов и средств оценки достижения РО; Определение потребности в ресурсах);
- детализация структурных элементов ОП;
- оценка качества проекта ОП.

2. Подготовка к разработке образовательной программы высшего и послевузовского образования

7. ОВПО для определения перечня направлений подготовки:

1) определяет текущие и будущие потребности рынка:

а) какие специалисты нужны сейчас и в будущем (в т.ч. в соответствии с

Атласом новых профессий и компетенций);

б) каковы перспективы трудоустройства выпускников (дефицит, профицит, появление новых профессий/навыков/компетенций и т.д.).

2) проводит анализ и оценку потенциального рынка подготовки кадров:

а) наличие конкуренции на рынке подготовки кадров в регионе/ близлежащих регионах, зарубежных ОВПО;

б) анализ конкурентной среды.

3) проводит анализ возможностей ОВПО для реализации ОП:

а) наличие необходимых кадровых ресурсов;

б) наличие необходимых материально-технических, информационных и финансовых ресурсов.

На основании полученных результатов ОВПО определяет перечень направлений подготовки.

8. Разработкой образовательных программ в ОВПО занимаются академические комитеты, создаваемые приказом руководителя ОВПО, в состав которых включаются представители академического персонала, работодателей, обучающихся.

3. Проектирование образовательной программы

9. На этапе проектирования образовательной программы необходимо провести:

- исследование сферы профессиональной деятельности выпускника;
- определение компетенций, характерных для сферы деятельности, соответствующей ОП и уровня их освоения;
- формирование результатов обучения программы;
- определение структуры ОП и перечня дисциплин;
- определение взаимосвязи компетенций, результатов обучения и критериев оценки;
- определение методов, технологий обучения и преподавания, средств оценки достижения обучающимися результатов обучения;
- определение потребности в ресурсах.

10. В рамках проектирования ОП проводится исследование сферы профессиональной деятельности, в ходе которого анализируются документы для формирования исходного перечня компетенций (опыт применения профстандартов; ГОСО; квалификационные требования к должностям, ОП ведущих зарубежных ОВПО и др.).

11. Предварительный перечень компетенций для каждого направления подготовки в данной профессиональной сфере формируется следующим образом:

1) определяются общие компетенции (поведенческие навыки и

личностные качества);

2) определяются профессиональные компетенции (специфичные для данного направления теоретические знания и практические навыки и умения).

12. В ходе исследования при необходимости осуществляется опрос работодателей с целью уточнения и приоритизации предварительного перечня компетенций, составленных на основе анализа рынка труда и профстандартов. Для этого:

- разрабатывается опросник работодателя с использованием исходных компетенций;

- отбираются методы проведения опроса:

- количественные (с использованием стандартизированных опросов);

- качественные (интервью и фокус-группы);

- проводится отбор участников опроса – представителей обследуемой профессиональной сферы, в которой будут работать выпускники ОП.

13. Для проведения опроса предъявляются участникам опроса предварительный перечень компетенций, участники опроса определяют степень важности той или иной компетенции на рабочем месте и уровень владения ею специалистом после окончания ОВПО.

14. Результаты анализа сферы профессиональной деятельности можно отразить согласно Приложению 1 к настоящему Руководству.

15. На этапе проектирования ОП формулируются результаты обучения программы в зависимости от компетенций, сфокусированных с уровнем обучения, требованиями профессиональных стандартов и (или) требований/ожиданий работодателей, а также стратегии развития ОВПО.

16. Результаты обучения служат основанием для определения объема трудоемкости соответствующих дисциплин в академических кредитах, выделяемого на программу. Общая трудоемкость ОП должна быть не менее указанной в ГОСО трудоемкости соответствующего уровня. В ОП обязательно должна быть определена взаимосвязь между дисциплинами и результатами обучения.

17. В образовательных программах отражаются результаты обучения, при описании которых согласно Европейской системе трансферта (перевода) и накопления кредитов (ECTS), ОВПО придерживаются следующих условий:

- 1) результаты обучения отражают контекст, уровень, объем и содержание программы;

- 2) результаты обучения являются взаимосвязанными;

- 3) результаты обучения являются понятными;

- 4) результаты обучения являются достижимыми в рамках учебной нагрузки программы;

- 5) результаты обучения являются связанными с соответствующей учебной деятельностью, методами и критериями оценки.

18. При проектировании результатов обучения необходимо учесть, что ОП должна вооружать выпускников следующими компетенциями:

- поведенческие навыки и личностные качества (softskills);
- профессиональные навыки (hardskills);
- цифровые навыки (digital skills).

19. Результаты обучения начинаются с активного глагола, чтобы выразить то, что студенты, как ожидается, будут делать в рамках профессиональной деятельности и личностного развития, реализуя профессиональные функции через применение компетенций, используя полученные знания и умения. Для формулирования обычно используют активные глаголы из таксономии Блума. Примерный перечень глаголов, которые могут быть использованы, приведен в Приложении 2 к настоящему Руководству.

20. Результаты обучения должны быть:

- ориентированы на трудовые функции;
- ориентированы на перспективные потребности рынка труда.

21. Результаты обучения должны быть измеримыми.

22. Проектирование программы предполагает определение структуры программы и порядка изучения дисциплин, направленных на формирование результатов обучения, посредством указания пре и пост реквизитов для учебных дисциплин.

23. Далее проектируются методы и средства оценки достижения компетенций.

24. При проектировании методов и средств оценки достижения результатов обучения необходимо:

- использовать измеримые методы оценки, основанные на конкретных критериях;
- методы оценки должны согласовываться с оцениваемыми результатами обучения;
- полученные оценки должны отражать уровень владения компетенциями обучающихся.

25. Потребность в ресурсах для реализации ОП определяется квалификационными требованиями, предъявляемыми к образовательной деятельности.

4. Детализация структурных элементов образовательной программы

26. На данном этапе формулируются название и цель ОП, проектируется содержание ОП и определяются стратегии обучения.

27. Название программы должно отражать содержание программы, быть кратким, конкретным, привлекательным и информативным, а также должно соответствовать направлению подготовки согласно Классификатору.

28. Цель ОП должна быть сформулирована лаконично, конкретно и синергетически объединять результаты обучения, которые должны быть приобретены обучающимися. Цель ОП должна соответствовать критериям –

актуальность, конкретность, достижимость.

29. Далее проектируется содержание ОП через определение модулей/учебных дисциплин программы. ОП разрабатывается в контексте профессиональных функций и состоит из перечня учебных дисциплин, содержание которых позволяет достичь цели и результатов обучения в рамках представленного ОП.

30. В кратком описании дисциплины необходимо раскрыть содержание дисциплины как индикатора достижения результатов обучения по ОП. Описание дисциплины не должно содержать какие-либо определения, выдержки из лекций, учебников и т.д. Не допускается дублирование дисциплин либо наличие разных дисциплин с совпадающим содержанием.

31. В ОП, разработанной на основе профстандарта, основные трудовые функции проецируются в компетенции и результаты обучения.

32. После определения перечня модулей и дисциплин в контексте с компетенциями и результатами обучения, определяется трудоемкость модулей и дисциплин в кредитах. На этой основе с учетом пре- и постреквизитов формируется проект учебного плана образовательной программы. При этом необходимо соблюдать требования ГОСО в части количества кредитов в зависимости от направления и уровня подготовки (в том числе циклы и компоненты).

33. При разработке структурных элементов ОП необходимо особо обратить внимание на формулирование результатов обучения модуля/дисциплины.

34. Результаты обучения формируются как на уровне всей образовательной программы, так и на уровне отдельных модулей или учебной дисциплины.

35. Результаты обучения модуля/дисциплины - это то, что обучающийся должен уметь делать после успешного завершения модуля/дисциплины.

36. После формулирования результатов обучения программы/модулей/дисциплин и определения их трудоемкости, определяются стратегии обучения.

37. Стратегия обучения в ОВПО должна быть ориентирована на использование инновационных методов обучения и информационных технологий.

38. При студентоцентрированном обучении обучающийся должен находиться в центре преподавания/обучения и быть активным участником процесса обучения и принятия решения.

39. При разработке учебной дисциплины необходимо определить, какие методы обучения и оценки освоения результатов обучения лучше всего подходят для достижения соответствующих результатов обучения и их адекватной и справедливой оценки.

40. Взаимосвязь дисциплин и формируемых результатов обучения рекомендуется отражать в Приложении 3.

41. Методы оценки должны обеспечивать измеримость заявленных в программе результатов обучения.

42. Относительный порядок изучения дисциплин определяется через систему пре и пост репреквизитов.

5. Оценка качества проекта ОП ВПО

43. Качество разработки ОП оценивается посредством следующих параметров:

- востребованность данной ОП на рынке труда (на национальном, региональном или локальном уровнях);
- демонстрация потенциала вуза по реализации ОП;
- наличие четко описанных результатов обучения в ОП, соответствующих профстандартам (при наличии);
- определение объема академических кредитов, необходимых для полноценного достижения результатов обучения;
- адекватность методов оценки освоения обучающимися результатов обучения, предусмотренных в ОП;
- соответствие видов деятельности обучающихся в ходе учебного процесса разработанным результатам обучения;
- обеспечение конструктивного взаимодействия со стейкхолдерами;
- прозрачность процесса преподавания, обучения и оценки освоения результатов обучения;
- обеспечение руководством программы постоянного совершенствования ОП, основанной на результатах мониторинга.

Примечание: ОВПО может иметь свое видение и методiku оценивания качества разработки ОП.

6. Заключительные положения

44. После согласования с работодателями и утверждения ОП коллегиальным органом ОВПО подает онлайн заявку в информационную систему «Реестр образовательных программ» для включения программы в Реестр.

45. ОВПО несет ответственность за содержание ОП, в том числе на предмет плагиата с ОП других ОВПО.

Результаты анализа сферы профессиональной деятельности

Профессия: _____	Обязательные трудовые функции:	1. 2. 3.
Трудовая функция А:	Профессиональная задача А:	Умения: 1. 2. 3. 4. 5. Знания: 1. 2. 3. 4. 5.
Трудовая функция В:	Профессиональная задача В:	Умения: 1. 2. 3. 4. 5. Знания: 1. 2. 3. 4. 5.
Требования к личностным компетенциям:	- - -	

Примерный перечень глаголов, которые могут быть использованы при формулировке результатов обучения

Глаголы, которые могут быть использованы для раскрытия знаний:

Определять, описывать, перечислять, находить, связывать, утверждать, писать, измерять, сравнивать, пересматривать, извлекать, выявлять, показывать, называть.

Глаголы, которые могут быть использованы для раскрытия понимания:

Обобщить, описывать, сравнивать, классифицировать, противопоставлять, преобразовывать, обсуждать, различать, идентифицировать, оценивать, объяснить, сформулировать, привести примеры, интерпретировать, переводить, выражать, иллюстрировать, обсуждать, прогнозировать, представить, выбрать.

Глаголы, которые могут быть использованы для раскрытия умения использовать:

Применять, оценивать, изменять, выбирать, показывать, открывать, рассчитывать, объяснять как, иллюстрировать, предсказывать, готовить, производить, связывать, показывать, решать, изучать, проверять, вычислить, построить, изменить, классифицировать, экспериментировать, решить.

Глаголы, которые могут быть использованы для раскрытия умения анализировать:

Анализировать, разделять, классифицировать, упорядочивать, сравнивать, заключать, противопоставлять, критиковать, диагностировать, объяснять, объединять, дифференцировать, различать, изучать, оправдать, сделать выводы.

Глаголы, которые могут быть использованы для раскрытия умения синтезировать:

Считать, утверждать, соединять, сочинять, заключать, создавать, получать, разрабатывать, формулировать, обобщать, устанавливать, преобразовывать, интегрировать, изменять порядок, организовывать, планировать, предлагать, изобретать, переформулировать, сообщать, пересматривать, выбирать, обобщать, синтезировать, учить, рассказывать.

Глаголы, которые могут быть использованы для раскрытия навыков оценки:

Оценивать, определять стоимость, решать, определять, ранжировать, рекомендовать, избирать, различать, выбирать, сравнивать, заключать, критиковать, защищать, судить, подтверждать, делать рейтинги, обобщать.

Глаголы, которые могут быть использованы для раскрытия навыков решения проблем:

Решать, выбирать, определять, предлагать, планировать, подтверждать, оценивать, формулировать, описывать порядок действий, разработать, предложить варианты.

Глаголы, которые могут быть использованы для раскрытия навыков коммуникации:

Общаться, выражать, объяснять, отвечать, дебатировать, защищать, делать обзор, экзаменовывать, рассказывать, учить, представлять, делать выводы.

Взаимосвязь достижимости формируемых результатов обучения по образовательной программе и учебных дисциплин

№	Наименование дисциплины	Краткое описание дисциплины	Кол-во кредитов	Формируемые результаты обучения (коды)								
				PO1	PO2	PO3	PO4	PO5	PO6	PO7
Цикл общеобразовательных дисциплин												
Обязательный компонент/Вузовский компонент/Компонент по выбору												
						v			v			
								v				
Цикл базовых дисциплин/ Цикл профилирующих дисциплин												
Вузовский компонент/Компонент по выбору												
							v					
					v						v	
								v				
										v		
					v							

